

**«2023 жылдың 1 қаңтарындағы «Қазақстан халқына» ҚҚ
Қамқоршылық кеңесінің қызметі туралы ақпарат**

2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қордың Қамқоршылық кеңесі 26 отырыс өткізді, оның ішінде 23 бетпе-бет отырыс және сырттай дауыс беру арқылы 3 отырыс ұйымдастырылды.

Қамқоршылық кеңес 77 мәселені қарап, шешім қабылдады.

Қамқоршылық кеңес қабылдаған негізгі шешімдер:

**Қамқоршылық кеңестің 14.01.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 1 хаттама)**

1. Қор Басқармасының Төрағасы Жамишев Б.Б. тағайындалды.

**Қамқоршылық кеңестің 01.02.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 2 хаттама)**

1. Қордың Жарғысына ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар назарға алынды. Басқармаға Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар жобасын құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысына жіберу тапсырылды.

2. Қор Қамқоршылық Кеңес туралы ереженің жобасы назарға алынды. Басқармаға Ереженің жобасын құрылтайшылардың (қатысушылардың) жалпы жиналысына жіберу тапсырылды.

3. Қордың Тұжырымдамасы бекітілді.

4. Басқарманың сандық құрамы (3 адам), Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімі (үш жыл) анықталды, Басқарма мүшелері тағайындалды.

**Қамқоршылық кеңестің сырттай отырысы
04.02.2022 жылғы шешім (№ 3 хаттама)**

1. Қордың 2022 жылға бюджеті бекітілді.

**Қамқоршылық кеңестің 17.02.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 4 хаттама)**

1. Қор жанындағы Сараптамалық комитеттер туралы ереже назарға алынды.

2. 30 млрд. теңгеден көп емес мөлшерде орфандық ауруларға шалдыққан науқастарды қаржыландырудың жалпы лимиті белгіленді.

2. Денсаулық сақтау мәселелері бойынша өтінімдерді қарау амалдары назарға алынды.

**Қамқоршылық кеңестің 25.02.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 5 хаттама)**

1. Қордың жұмысы туралы Басқарманың ақпараты назарға алынды.

2. «Астана медицина университеті» КАҚ жанындағы Нейробұлшықет аурулары бойынша мультитәртіптік құзырет орталығының Сараптамалық-консультациялық кеңесінің қорытындыларымен расталған, арқа бұлшықет атрофиясына шалдыққан емделушілер – 4 бала үшін Қазақстан Республикасында тіркелмеген «Onasemnogene ABERARVOVEC» (Zolgensma) дәрілік препаратын сатып алу мақұлданды.

3. Қаза тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларына және қызметтік міндеттерін орындау кезінде ауыр жарақат алған әскери қызметшілерге, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ қайғылы қаңтардағы кездейсоқ құрбан болған азаматтық тұлғаларға қайырымдылық көмек көрсету мақұлданды;

- 7 млн. теңге (салықтарды шегергенде) – қаза тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің, сондай-ақ кездейсоқ құрбан болған Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының отбасыларына;

- 3 млн. теңге (салықтарды шегергенде) – ауыр жараланған әскери қызметшілерге және ішкі істер органдары мен қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне және жараланған балалардың отбасыларына.

Сонымен қатар Қордың Басқармасына қаза тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары мен қауіпсіздік органдарының қызметкерлерінің, сондай-ақ кездейсоқ құрбан болған Қазақстан Республикасының азаматтарының отбасыларындағы кәмелетке толмаған балаларға қайырымдылық көмек көрсету бойынша мәселені пысықтау және осы мәселе бойынша Қордың Қамқоршылық кеңесіне ақпарат беру тапсырылды.

Қамқоршылық кеңестің 28.03.2022 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 6 хаттама)

1. Қамқоршылық Кеңестің хатшысы тағайындалды және оның өкілеттік мерзімі – 1 жыл деп анықталды.

2. Медициналық ұйымдарды офтальмологиялық және аудиологиялық скринингтерге және ауруларды ерте диагностикалауға арналған жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларға тәсілдер бекітілді.

3. Орфандық ауруларға шалдыққан емделушілерді дәрілік препараттармен қамтамасыз ету бойынша жобаларға тәсілдер бекітілді.

4. Науқастарға қайырымдылық көмек көрсету бойынша жобаларға тәсілдер бекітілді:

- ағзалар мен тіндерді трансплантациялауда мұқтаждарға,

- онкологиялық және онкогематологиялық патологиясы бар.

5. Атаулы көмекті іске асыру механизмін, азаматтардың санаттарын – атаулы көмекті алушыларды анықтау, сондай-ақ пилоттық аймақтарды анықтау бойынша нақты критерийлерді әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру шешімі қабылданды.

6. Қайырымдылық көмек көрсетуге арналған жобалар мен бағдарламаларды іріктеп алу критерийлері бекітілді.

7. 2022 жылғы 25 наурыздағы жағдай бойынша Көрсетілген қайырымдылық көмек туралы есеп назарға алынды.

8. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның 2022 жылға Жұмыс жоспары бекітілді.

9. «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының Басқармасы туралы ереже бекітілді.

10. Қордың жанында құрылған сабағаттық-кеңесші органдар туралы ақпарат назарға алынды.

11. Қордың ішкі нормативтік құжаттары: Қордың тиісті органдарымен бекітілген және бекітіуге жататындар туралы ақпарат назарға алынды.

12. Atamekenim.kz сандық платформасына келіп түсетін өтінімдер мен өтініштерді қарау туралы ақпарат назарға алынды.

Қамқоршылық кеңестің 26.04.2022 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 7 хаттама)

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның Білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді. Бұл ретте, Басқармаға Қамқоршылық Кеңестің мүшесі О. Худайбергеновпен және «Таiburyl» ҚБ-мен бірлесіп Қордың білім беру гранттарын беру үшін үміткерлерді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім ұйымдармен іріктеу механизмін бақылау бойынша ынтымақтастық мәселелерін пысықтау тапсырылды.

2. «Қазақстан халқына» ҚҚ уақытына жетпей жаңа туылған нәрестелердің офтальмологиялық скринингі және ретинопатиясын емдеуге арналған жабдықтармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді.

3. Әр балаға экзоскелеттер таңдау алгоритмі тұрғысынан жете аяқтауды есепке алумен «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді.

4. «Тамырлы патологиясы бар балаларға медициналық көмек көрсету» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді.

5. «Мүгедектігі бар балалар мен жастардың (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді.

6. Басқармаға «Қимыл белсенділігінің шектеулері бар балаларды оңалтудың техникалық құралдарымен (белсенді кресло-арбалар, ортопедиялық орындықтар, вертикализаторлар) қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасын жете аяқтау және Қамқоршылық кеңестің қарауына қайталап ұсыну тапсырылды.

**Қамқоршылық кеңестің 20.05.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 8 хаттама)**

1. «Ерте араласу орталықтарын жабдықтау» қайырымдылық жобасы бекітілді.
2. «Аутизм және басқа да ділдік бұзулары бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтау» қайырымдылық жобасы бекітілді.
3. «Тұсау кесер» қайырымдылық жобасы бекітілді.
4. «100 балалар спорт залы» бағдарламасы аясында «24 балалар спорт залы» қайырымдылық жобасы бекітілді.
5. Қор Басқармасының атаулы көмекті іске асыру механизмін, азаматтардың санаттарын – атаулы көмекті алушыларды анықтау, сондай-ақ пилоттық аймақтарды анықтау бойынша нақты критерийлерді әзірлеу бойынша жұмыс тобының жұмысының нәтижелері туралы ақпарат назарға алынды.

**Қамқоршылық кеңестің 30.05.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 9 хаттама)**

1. 2022 жылғы 1 мамырға «Қазақстан халқына» ҚҚ қызметі туралы есеп назарға алынды.

**Қамқоршылық кеңестің 06.06.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 10 хаттама)**

1. «Көздің мүйізгек қабығын ауыстырып орналастыруды қажет ететін көз ағзаларының ауруларына шалдыққан емделушілерге қайырымдылық көмек көрсету» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді.
2. Нақтыланған және толықтырылған деректерді ескере отырып, «Медициналық ұйымдарды офтальмологиялық скрининг және шала туылғандардың ретинопатиясын емдеуге арналған жабдықтармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді (еліміздің 14 аймағындағы 31 медициналық ұйым).

**Қамқоршылық кеңестің 20.06.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 11 хаттама)**

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы Пя Юрий Владимировичтің өкілеттігі оның бастамасы бойынша 2022 жылдың 20 маусымынан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды.
2. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы етіп Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Сулейменов Каирбек Шошанович сайланды, өкілеттік мерзімі – бір жыл.
3. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің Төрағасының орынбасары етіп Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Аманжолова Зауреш Джуманалиевна сайланды, өкілеттік мерзімі – бір жыл.

4. «Ауылдық жердегі тіреу мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

5. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының ішкі аудиторы туралы ереже бекітілді.

**Қамқоршылық кеңестің 04.07.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 12 хаттама)**

1. Қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде жарақат алған 15 жасар Мелдеханова Жанельді емдеуге қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды.

2. Ішкі аудитордың бос лауазымын ауыстыруға конкурсты өткізу тәртібі бекітілді.

**Қамқоршылық кеңестің 15.07.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 13 хаттама)**

1. Басқармаға Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып, «Шетел мамандарын тартумен Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық кадрларына арналған мастер-кластар» қайырымдылық бағдарламасын жете аяқтау тапсырылды.

2. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңесі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді.

3. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының мүдделері қақтығысын басқару саясаты бекітілді.

4. Қордың бекітілген қайырымдылық бағдарламалары мен жобалары аясында Қор-серіктестіктермен азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысты қолданылатын жүйелік тәсілдер туралы Қор Басқармасының ақпараты назарға алынды.

**Қамқоршылық кеңестің 08.08.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 14 хаттама)**

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер енгізілді (берілетін гранттар саны және бағдарламаның бюджеті ұлғайтылды).

2. «Арнайы білім беру мектеп ұйымдарын жабдықтау» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді. Бұл ретте, Басқармаға Бағдарламаны іске асырудың мерзімін тездету, сонымен қатар Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша Бағдарламаның тиімділігін зерделеу және арнайы білім беру мектеп ұйымдарын қосымша жабдықтау қажеттілігі бойынша жұмыс тобын құру тапсырылды.

3. Құрылыс үшін 771 934 983,68 теңге (жеті жүз жетпіс бір миллион тоғыз жүз отыз төрт мың тоғыз жүз сексен үш теңге алпыс сегіз тиын) мөлшерінде қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды:

- 23 бір қабатты бірпәтерлі тұрғын үй – Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының Шалғын ауылында (құрылыстың құны – 580 593 739,04 теңге);

- 7 үй – 3 екіпәтерлі және 1 бірпәтерлі тұрғын үй – Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының Жақсыбай ауылы (құрылыстың құны – 191 341 244, 64 теңге).

Қамқоршылық кеңестің сырттай отырысы 18.08.2022 жылғы шешім (№ 15 хаттама)

1. Қайғылы қаңтар оқиғаларында атыс қаруынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының ауыр жараланған кәмелетке толған тұрғындарына қайырымдылық көмек көрсету үшін критерийлер бекітілді және 3 000 000 (үш миллион) теңге сомасына төлемдер мөлшері анықталды. Бұл ретте, Қор Басқармасына аталған тұлғаларға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен тиісті растаушы ақпараты беру фактісі бойынша қайырымдылық көмек көрсетуді қамтамасыз ету тапсырылды.

Қамқоршылық кеңестің 22.08.2022 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 16 хаттама)

1. «Мүгедектігі бар балалар мен жастардың (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер енгізілді (протездік-ортопедиялық бұйымдар саны мен бағдарламаның бюджеті ұлғайтылды). Бұл ретте Қор Басқармасына осы Бағдарлама бойынша протездік-ортопедиялық бұйымдардың сапасы мен құнына аудит жүргізу, сонымен қатар оналтудың заманауи техникалық құралдарын пайдаланған кезде емделушілердің функционалдығын жақсарту мақсатында медициналық қызметкерлер (оның ішінде травматолог-ортопедтер, алғашқы медициналық-санитарлық дәрігерлер, медициналық-элеуметтік сараптама мамандары және т.б.) үшін оқытуды (мастер-кластарды) жүргізу мүмкіндігін пысықтау тапсырылды.

2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бастамашылық еткен «Мектеп оқушысы сөмкесі» қайырымдылық жобасы бекітілді. Бұл ретте, Қор Басқармасына Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне осы Жобаның аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысымен анықталған балалар санаттарынан көру қабілеті кеміс және көзі көрмейтін балаларды мектеп керек-жарақтарымен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы жүгіну тапсырылды.

2. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Есеп саясаты бекітілді.

4. 2022 жылғы I-жарты жылдыққа «Қазақстан халқына» ҚҚ қызметі туралы Қор Басқармасының Есебі бекітілді.

5. I-ші «Қазақстан халқына» ұлттық қайырымдылық конференциясына (бұдан әрі – Конференция) дайындық туралы ақпарат назарға алынды және бекітілген Қор бюджеті аясында оны өткізуге шығындары мақұлданды.

**Қамқоршылық кеңестің 05.09.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 17 хаттама)**

1. «Болашақ инженерлер» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді.

**Қамқоршылық кеңестің 26.09.2022 жылғы
бетпе-бет отырысы (№ 18 хаттама)**

1. «Қазақстан Республикасының спортшыларын пара-атлетикаға дайындау және қатысу үшін спорттық-жүгіріс протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық жобасы бекітілді.

**10.10.2022 жылғы (№19 хаттама)
Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы**

1. Қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің, сондай-ақ қаза тапқан Қазақстан Республикасының азаматтарының отбасыларында әрбір кәмелетке толмаған балаға (2022 жылғы 9 қаңтардағы жағдай бойынша 18 жастан аспаған) 2 000 000 (екі миллион) теңге сомасында төлем мөлшері айқындалды.

2. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры қызметінің Тұжырымдамасы бекітілді.

3. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат бекітілді.

4. «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан студенттерге білім беру гранттарын беруге қосымша конкурс өткізу мақұлданды.

**22.10.2022 жылғы (№20 хаттама)
Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы**

1. Қостанай облысы Әуликөл және Қарасу аудандарының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды:

- Қостанай облысы Әуликөл және Қарасу аудандарының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйсіз қалған әрбір отбасына (үй шаруашылығына) 2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде қайырымдылық көмек көрсету;

- Қостанай облысы Әуликөл ауданында өртенген «Достық» балалар спорттық-сауықтыру лагерінің орнына 150 орындық жаңа балалар спорттық-сауықтыру лагерін салу үшін қайырымдылық көмек көрсету.

2. Қамқоршылық кеңестің 06.06.2022 ж. №10 шешімімен бекітілген «Медициналық ұйымдарды офтальмологиялық скрининг пен шала туылғандардың ретинопатиясын емдеуге арналған жабдықтармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

3. «Мектеп сөмкесі» қайырымдылық жобасын бекіту туралы мәселесі бойынша Қордың Қамқоршылық кеңесінің 22.08.2022 ж. №16 шешімінің күші жойылды деп танылды.

07.11.2022 жылғы (№21 хаттама)

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы

1. «Пара-хоккейден халықаралық жарыстарға дайындалу және қатысу үшін спортшыларды спорттық мүкәммалмен қамтамасыз ету» қайырымдылық жобасы бекітілді

2. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының 2022-2023 жылдарға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Қамқоршылық кеңестің 2022 жылғы 28 наурыздағы №6 шешімімен бекітілген «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының 2022 жылға арналған жұмыс жоспарының күші жойылды деп танылды.

21.11.2022 жылғы (№22 хаттама)

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы

1. 2023 жылға арналған «Қазақстан халқына» ҚҚ бюджеті бекітілді.

2. Шетелдік емделуге жіберу кезінде пациенттерге ерекше жағдайларда атаулы көмек көрсету бойынша кеңейтілген тәсілдер мен алгоритмдер бекітілді.

02.12.2022 жылғы (№23 шешім)

Қамқоршылық кеңестің сырттай отырысы

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудиторы тағайындалды және ішкі аудитордың өкілеттік мерзімі анықталды (2 жыл).

05.12.2022 жылғы (№24 хаттама)

Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы

1. «Психоневрологиялық аурулары және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған «Ақ жол-М» оңалту орталығын жарақтандыру» қайырымдылық жобасы бекітілді. Қор Басқармасына жобаны іске асыру кезінде оңалтудың заманауи техникалық құралдарын қолдану мәселесін қарастыру тапсырылды.

06.12.2022 жылғы (№25 хаттама)
Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы

1. Қордың атқарушы органы ретінде Басқармаға сенім көрсетілді. Қор Басқармасына Қордың жарғысында айқындалған өкілеттіктерге сәйкес қызметін жалғастыру тапсырылды.

26.12.2022 жылғы (№26 хаттама)
Қамқоршылық кеңестің бетпе-бет отырысы

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері А. Саин мен С. Ж. Тәукелеваның Қордың Қамқоршылық кеңесінің құрамынан өз еркімен шығу туралы өтініштерін қарап, Қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшелері А.Саин мен С.Ж. Тәукелеваның өкілеттіктерін тоқтату туралы шешім қабылданды.
2. «Qazaqstan mektebine» қайырымдылық жобасы бекітілді. Бұл ретте Қор Басқармасына жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелерін бағалаудың қосымша критерийлерін әзірлеу тапсырылды.
3. «Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» жобасының мониторингі бойынша есеп назарға алынды.